

«С.Ж.Асфендияров атындағы  
Қазақ ұлттық медицина  
университеті» коммерциялық  
емес акционерлік  
қоғамы



Некоммерческое  
акционерное общество  
«Казахский национальный  
медицинский университет  
имени С.Д.Асфендиярова»

**БҰЙРЫҚ**  
**29.04.2026**

Алматы қаласы

**ПРИКАЗ**  
**№ 422**

город Алматы

## Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне Ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңын, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ (ары қарай – Университет) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізу:

– Университет қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде, бұйрықтарда және өзге де комиссияларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

– Университеттің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобының құрамы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кестесінде көрсетілген құрылымдық бөлімшелер бекітілсін:

1) **Лахов С.В. – комиссияның төрағасы – Атқарушы Директор;**

2) **Ислямов А.А. – комиссия төрағасының орынбасары– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы;**

3) **Жексембаев Е.К. - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері (үйлестіруші)**

4) **Тусупбекова С.К. – Академиялық жұмыс департаментінің басшысы;**

5) **Дадамбаева А.Е. – құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;**

3. Университетте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің 2026 жылға арналған кестесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.



4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы Ислямов А.А. жүктелсін.

5. Әкімшілік департаментінің басшысы (Аширбаева Ш.М.) мүдделі тұлғалардың осы бұйрықпен танысуын қамтамасыз ету.

6. Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.**

**Д. Кайдарова**

